

**Біріккен Ұлттар Ұйымының дайындық іс-шаралары жүйесіндегі үлесіне қатысты  
Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Өзара түсіністік  
туралы меморандумға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 1181 Жарлығы  
Бітімгершілік операцияларын өткізу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымына беруге  
арналған Қазақстан Республикасының ресурстарын айқындау мақсатында қаулы етемін  
:

1. Қоса беріліп отырған Біріккен Ұлттар Ұйымының дайындық іс-шаралары  
жүйесіндегі үлесіне қатысты Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы  
арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы мақұлдансын.

2. Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі  
Ержан Хозеұлы Қазыхановқа Қазақстан Республикасы атынан Біріккен Ұлттар  
Ұйымының дайындық іс-шаралары жүйесіндегі үлесіне қатысты Қазақстан  
Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Өзара түсіністік туралы  
меморандумға қол қоюға уәкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      8                      қ ы р к ү й е к т е г і

N                      1 1 8 1                      Ж а р л ы ғ ы н а

қ о с ы м ш а

Жоба

**Біріккен Ұлттар Ұйымының дайындық іс-шаралары жүйесіндегі үлесіне  
қатысты Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы  
Өзара түсіністік туралы  
меморандум**

Қауіпсіздік Кеңесі берген, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау  
операцияларын өткізу жөніндегі мандаттарын тиімді және уақтылы орындау үшін  
Біріккен Ұлттар Ұйымына белгілі бір ресурстарды ұсынуға жәрдемдесу қажеттігін  
м о й ы н д а й                      о т ы р ы п ,

сондай-ақ бейбітшілікті қолдау операцияларын өткізуге арналған ресурстарды ұсыну жөнінде міндеттемелер қабылдаудың артықшылығы шығыстардың аса икемділігі мен кемуіне жәрдемдесетінін мойындай отырып,

Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - Тараптар) достастық ынтымақтастығы рухында қимылдай отырып, осы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

## **1-бап. Мақсаты**

Осы Өзара түсіністік туралы меморандумның мақсаты белгілі бір жағдайларда бейбітшілікті қолдау операцияларын өткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Біріккен Ұлттар Ұйымына ұсыну үшін белгіленіп отырған ресурстарды айқындау болып табылады.

## **2-бап. Ресурстардың сипаттамасы**

1. Қазақстан Республикасы ұсынуға әзір ресурстардың нақты сипаттамасы осы Өзара түсіністік туралы меморандумға қосымшада көрсетілген.

2. Қосымшаны дайындау кезінде Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қолдау операцияларын өткізу үшін ресурстарды ұсыну жөніндегі басшылық қағидаттарға сүйенді.

## **3-бап. Ресурстарды ұсыну шарттары**

Қазақстан Республикасының ресурстарын пайдалану туралы түпкілікті шешімді Қазақстан Республикасы шығарады.

## **4-бап. Күшіне енуі**

Осы Өзара түсіністік туралы меморандум қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және осы Өзара түсіністік туралы меморандумның күшіне енуіне қажетті мемлекет ішіндегі рәсімдерді Қазақстан тарапының орындағаны туралы жазбаша хабарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымы алған күнінен бастап күшіне енеді.

## **5-бап. Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Өзара түсіністік туралы меморандум, қосымшаны қоса алғанда, Тараптардың ноталар алмасуы арқылы кез келген уақытта өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

## **6-бап. Қолданысының аяқталуы**

Өзара түсіністік туралы меморандумның қолданысы Тараптардың кез келгені кемінде үш ай бұрын жазбаша хабарлаған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

200\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ Нью-Йоркте қол қойылды.

Қазақстан Республикасы

ү ш і н

Біріккен Ұлттар Ұйымы

ү ш і н

Қазақстан Республикасының

Төтенше және Өкілетті Елшісі,

Қазақстан Республикасының

Біріккен Ұлттар Ұйымы

жанындағы Тұрақты өкілі

Бас хатшының бітімгершілік

іс-шаралар жөніндегі

орынбасары,

Біріккен Ұлттар Ұйымы

атынан өкілдік етуші

**Біріккен Ұлттар Ұйымының дайындық іс-шаралары жүйесіндегі үлесіне қатысты  
Қазақстан Республикасы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы Өзара түсіністік  
туралы меморандумға**

**Қосымша**

| Ұлттық Сипаттамасы | Санаты                                                            | Дерек көзі | Әзірлік                                                                                                                | Саны        | Ескертпе |
|--------------------|-------------------------------------------------------------------|------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------|----------|
| н ө м і р і        |                                                                   |            |                                                                                                                        | у а қ ы т ы |          |
| 1                  | Қазақстан жеке әскерилер<br>бітімгерші. құрам<br>лік<br>батальоны | 30 күн     | жеке құрам-<br>541 адам, бро. сәйкес<br>нетранспортер. жасақ.<br>лер-33 бірлік, талған<br>автомобильдер -<br>61 бірлік | штатқа      |          |